

«№ 136 жалпы орта білім беретін мектебі» шаруашылық жүргізу
құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны



Тілім менің-мақтанышым!

2024-2025 оқу жылы

Тілім менің-мақтанышым

Мақсаты: Тәуелсіз елімізде өмір сүріп отырған ұлт өкілдері арасындағы достық пен бірлікті нығайту барысында мемлекеттік тілге құрмет сезімдерін қалыптастыру.

Гаухар

5 қыркүйек – қазақ халқының тағдыры мен тілі үшін күрескен Алаш арысы, ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының туған күні. Міне, осы себептен 2018 жылдан бастап Қазақстан халқы тілдері күні қыркүйектің бесінші жұлдызында мерекеленеді.

Ахмет Байтұрсынов – ең алдымен, қазақ балаларының ана тілінде сауатын ашып, әрі қарай қазақ тілінде оқуын жалғастыруға көп күш жұмсаған ағартушы.

Ағартушылық мақсаты – өз алфавитін жасау, оқулықтар жазу. Осы мақсатты орындау үстіне ол қазақ тілін, оның дыбыстық жүйесі мен грамматикалық құрылысын баяндап, талдап – танытқан зерттеуші

Осы атаулы мерекені өзімнің ақылды қалпақтарыммен ақылдасып мерекені болашақ ұрпаққа үлгі болатындай етіп атап өтсек деп едім, ал ақылды қалпақтарым ақыл қосыңдар!

1. Жасыл қалпақ:

Сүйемін туған тілді – анам тілін,

Бесікте жатқанымда-ақ берген білім

Шыр етіп жерге түскен минутімнен

Құлағыма сіңірген таныс үнім.

Тамаша мереке ғой, барымызды салып атап өтейік.

2. Қара қалпақ - Түу тағы неге бітпейді осы мереке деген, қазақтың тойларын да қысқарту керек. Түк ке керегі жоқ!

3. Қызыл қалпақ: Біздің тәжірибемізде қазақ тілі – бай тіл. Қазақ тілі ғылым жолына салынып реттелсе, ешбір жұрттың тілінен кем болатын емес, бұған илануымыз керек. Мерекені атап өтсек өскелең жастардың тілге деген қызығушылығы оянады өз тілін сүйетін болады.

Ең бастысы сенуіміз керек. Қара қалпақ бізге аффермация керек.

Қара қалпақ: Сөйтіп қиялға сеніп жүре беріндер, мүмкін армандар картасын жасап қоярсыңдар хехехе..

4. Сары қалпақ: Қызыл қалпақ та дұрыс айтады, қара қалпаққа да қосыламын, тек ақша жинамасандар болды, қалғанын қолдаймын.

5. Ақ қалпақ: Тіл-ұлттың басты байлығы. Тілге деген құрмет ол елге деген құрмет болып табылады.

«Анамыздың ақ сүтімен бойымызға дарыған тілімізді ұмыту – бүкіл ата-бабамызды, тарихымызды ұмыту» – деп Бауыржан Момышұлы атамыз айтқандай, бұл **ұлық мереке** бұл мерекеге баршамыз атсалысуымыз керек.

Гаухар: ал көк қалпақ өзің бір шешімін айтсаң. Соған тоқталайық.

6.Көк қалпақ: ана тілі – халық болып жаралғаннан бері жан дүниесінің айнасы, өсіп-өніп, түрлене беретін, мәңгі құламайтын бәйтерегі» деп бес арыстың бірі Жүсіпбек Аймауытов айтпақшы, әлімсақтан тұнықтығын сақтаған әлемдегі таза әрі көркем тіл ретінде қазақ тілін айтуға болады, сондықтан тіл мерекесін ерекше атап өту керек деп білемін.

Гаухар: Олай болса, мерекелік кешімізді бастайық!

Хормен: Қазақ тілі мәңгілік жасай берсін!

Ән: «Қайсар рух» »

Фан-фар

1-Жүргізуші: Армысыздар, ана тілін ардақ тұтар тіл жанашырлары!

2-жүргізуші: Қайырлы күн, қымбатты қонақтар! Ұлағатты ұстаздар мен оқушылар!

1-жүргізуші:

Тіл деген – адастырмас темірқазық,

Өрісі магнитінің өмірге азық.

Қадірін тілдің сұра керендерден,

Сөйлеуді арман еткен көңіл жазып –дей отыра ортада оқушыларымыздың өлең шумақтарын қабыл алыңыздар!

«Өлең шумақтар»

2-жүргізуші:

Қазақпын мен, қазақтың бөлшегімін,

Қажеті не басқаның өлшемінің?

Қазақ деген жалғыз ұлт мен боламын,

Енді міне жетеді көпке үнім.

Кешіміздің тізгінін домбырамен орындалатын «Сүгір әніне» берейік!

1-жүргізуші:

Өз тілінді жерсінбеудің,

Өз ананды менсінбедің

Арсыздығы қай дәуірде болып еді тапқырлық?

Ол – рухани мүгедектік әрі ұлттық сатқындық?

Аз қайғы ма, талабынды түсінігің алдаса?..

Мейлі он тіл,

Тіпті жүз тіл меңгергенің далбаса

Өз ұлтыңның тілі менен рухы

Ой-санаңа іргетас боп қалмаса.

Үш тілдегі өлең шумақтарына кезек берейік!

2-жүргізуші.

Ана! - десем ана тілі ойға оралар.

Баладай қуанарсың тойға барар.

Тыңдасаң көне аңыздан көркем нақыл

Олжам да қанжығама байлап алар.

Қазақ қыздарының биін қошеметпен қабыл алыңыздар!

1-жүргізуші:

Ой сананы кейде тоқтық басқандай,

Өздеріңді сәл ұмытсам еске алмай.

Әруақтар алдында бұл күнә деп,

Бабаларым айхай салып ұрсардай

Қазақ зиялыларының өміріне шолу жасау (Слайд)

2-жүргізуші

Елеңдеймін дүбірге құлақ түріп,

Дүрліктірді даланы бұлақ күліп.

Күй қанатын сермеді көктем өзі,

Домбырасын дамылсыз бұрап тұрып.

Қазақтың күйі

1-жүргізуші:

Жанарында жұлдыз жанып тұрады,

Қарап тұрған мылқауларды сөйлеткен,

Көрерменнің көңілінен шығады,

Мың бұралған бишілердің өнері!

Орыс биі «На Ивана купала»

2-жүргізуші:

Анамның тілі – Айбыным менің,

Анамның тілі – Ай, Күнім менің.

Сүйемін байтақ елімді туған,

Сүйемін мәңгі өмірді думан.

Келесі кезекте «» әнін тыңдап рухты көтеріп демала отырыңыздар!

1-жүргізуші: Қазағымыздың асыл құндылығын ардақтап, тілімізді құрметтеп

сақтап, **2-жүргізуші:** бабалар аманатын болашаққа аман-есен жеткізуге

әрқайсысымыз өз үлестерімізді қосайық. **(Екі жүргізуші бірге айтады)** Келесі кездескенше, аман сау болыңыздар!

Мектебіміздің басшысы: Л.Нариманқызына сөз береміз.

ДТЖЖО

сөз береміз.